

**«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет бойынша мектеп асханасын тексеру жөніндегі
2025-2026 оқу жылы**

А К Т

Тексеру мақсаты: Мектеп асханасындағы жекелеген санаттағы білім алушыларға бөлінген тегін ыстық тамақтың азық – түлігінің сақталу жағдайын және асхана блогінің тазалығын тексеру. Білім алушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың берілу сапасын бақылау.

Тексеру мерзімі: 10.10.2025 ж.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №20» бұйрығының 4 - тармағы негізінде қыркүйек айының 12-сі күні мектеп асханасының жұмысы тексерілді.

Тексерудегі мақсат – тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізуін, мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жасауын бақылау.

Тексеру жүргізгендер:

С.С.Махашова - мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

А.А.Давлетова - мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

К.Сейітова - мектеп медбикесі

А.А.Жумаханова – мектеп психологі

Д.Т.Туретова. - әлеуметтік педагог

К.Шектибаева - ата - аналар комитетінің төрайымы

Б.Куркембаев - Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Тексеру барысында басшылыққа алынған критерийлер:

4. Мектептегі 1-4 сынып білім алушыларының және аз қамтылған балаларының бекітілген кестеге сәйкес тамақтануы.
5. Орта білім беру ұйымының медицина қызметкері күн сайын халықтың санитариялық - эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізілуі;
6. Мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жасауы;

Тексеру нәтижесі төмендегідей болды:

Қазіргі таңда мектебіміздің 1-4 сынып арасындағы 193 білім алушы, 5-11 сынып аралығындағы жеңілдік санатындағы 36 оқушысы, яғни барлығы 229 білім алушы жергілікті бюджет қаражаты есебінен құрылған кестеге сәйкес тегін ыстық тамақпен тамақтанады. 2025 жылдың қазан айы бойынша 4 апталық ас мәзірі бойынша қаралды:

2025-2026 оқу жылы 2-ші апта, 5-ші күн, Жұма

10.10.2025 жыл

р/с	Тағам атауы	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
1	Бұқтырылған ет	80 г	90 г	100 г
2	Макарон қайнатылған	100 г	130 г	150 г
3	Балғын жеміс компоты	200 г	200 г	200 г
4	Нан	20 г	35 г	40 г

Тексеру нәтижесінде анықталды:


1. Азық-түліктер санитарлық талапқа сай тоназытқышта сақталған, қойма іші таза, ауа ылғалдығын өлшейтін құралдар өз орнында орналасқан.
2. Асхана тазалығы және дезинфекция жүргізу құралдары нормаға сай тазалық жұмыстары жүргізілген.
3. Күнделікті дайындалатын тағам ас мәзірі бойынша сәйкестігі бар.
4. Тамақты дайындау сапасы нормаға сай өлшенген.

Шешім: тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізілуі қанағаттанарлық деңгейде. Мектеп әкімшілігі күнделікті астың талапқа сай әзірленуін бақылау мақсатында асхана қызметкерлерімен бірігіп жұмыс жасауды және оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын одан әрі жалғастырылсын.

Ұсыныс:

Мектеп оқушыларының тамақтану барысында сынып жетекшілер тарапынан күнбе – күн қадағалансын. Асхана бөлмесіндегі «Ұсыныс пен сын» журналына асханадан тамақтанатын мұғалімдер, білім алушылардың сын мен ұсынысы толтырылуы қадағалансын.

Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Мектеп психологі
Әлеуметтік педагог
Мектеп медбикесі
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Ата - аналар комитетінің өкілі



С.С.Махашова
А.А.Давлетова
А.А.Жумаханова
Д.Т.Туретова
К.Сейітова
Б.Куркембаев
К.Шектибаева

